



# vipe

Сымсыз  
музыкалық жүйе

## NITRO X5

пайдалану жөніндегі нұсқаулық

KZ





## Сізге Vire аудио жүйесін сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Пайдалану алдында бүкіл нұсқаулықты, өсіресе «Пайдаланудың және қауіпсіздік техникасының ережелері» тарауына ерекше назар аударып, мұқият оқуды және нұсқаулықты кейін пайдалану үшін сақтауды өтінеміз.

## Пайдалану мен қауіпсіздік техникасы ережелері

---

- Аудио жүйе тек тұрмыста ғана пайдалануға арналған және тура тағайындалуы бойынша қолданылуы керек. Аспапты қаптамасынан шығарып алыңыз және оның бүтіндігіне, зақымданбағанына көз жеткізіңіз. Қаптау материалдарын (пластикалық пакеттер мен қыстырғыштар) балалардан алыстау жерге алып қойыңыз. Аудио жүйені электр желісіне қосар алдында желі сипаттамалары аудио жүйенің сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспапты жерге тұйықталған электр розеткасына қосыңыз. Аспапты іске қосар алдында динамиктердің зақымдануын болдырмас үшін дыбыс реттегіш арқылы дыбысты азайтыңыз. Аспапты қайта-қайта қосып, өшіруге тыйым салынады. Кабель ыстық және үшкір заттарға тимейтіндей болуы керек. Аспапты ылғалдылығы жоғары жағдайларда немесе су жанында пайдаланбаңыз. Аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батыруға тыйым салынады, аспаптың судан қорғайтын IPX4 дәрежесі бүйірлік панельдерде ғана бар.
- Аспап жаңбыр астына түспейтіндігін бақылау керек. Корпус ішіне судың түсуі электр тоғымен зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, оны дереу қуат көзінен ажыратып, жұмысқа жарамдылығын тексеру үшін сервистік орталыққа хабарласыңыз. Аспапты тікелей күн сәулесінің

- әсері болатын жерде немесе жылу көздерінің жанында қалдырмаңыз.
- Аспапты (тіпті сәндірулі күйінде) аса жоғары немесе төмен температуралардың (45°C жоғары немесе 0°C төмен) әсеріне ұшыратуға тыйым салынады, себебі бұл құрылғының ішкі элементтерінің зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін. Аспаптың жұмыс температурасы +5°C бастап +35°C дейін құрайды. Аспапты ашық от көздерінің немесе суы бар ыдыстардың жанына орнатпаңыз.
  - Музыкалық жүйені күн күркіреген кезде пайдалануға болмайды, бұл аспап жұмысының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін және электр тоғымен зақымдану қаупін төндіреді. Аспаптың жеткілікті желдетілуіне және қалыпты жұмыс істеуіне кепілдік беру үшін оны ешқашан матамен немесе басқа материалмен жаппаңыз, себебі жеткіліксіз желдетілуі бұйымның артық қызуын және/немесе қолдану мерзімінің азаюын тудыруы мүмкін.
  - Құрылғыны электр магниттік сәулелену әсерінің, (өртүрлі аппаратураны, мысалы, күшейткіштерді қоса) жылу көздерінің жанында және шаң жиналатын жерлерде орналастырмаңыз. Аудио жүйе мен теледидар немесе компьютер арасындағы қашықтық кемінде 60 см болуы керек. Балаларға желдету және басқа тесіктеріне бөгде заттарды салуға мүмкіндік бермеңіз. Аспапты құлаудан және соққыдан қорғаңыз. Аспапты тегіс және тұрақты беткі қабатқа орнатыңыз.
  - Аудио жүйені жас балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балалардың аспаппен ойнауына рұқсат бермеңіз.

- Электр тоғымен зақымдануды болдырмас үшін аспапты белшектеуге тыйым салынады. Өз бетінше жөндеу аспаптың істен шығуына немесе электр тоғымен зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін, сондай-ақ аспапты кепілдікті жөндеуден шығарады.
- Егер аспапты жөндеу қажет болса, айрықша түрінде авторландырылған сервис орталықтарына хабарласыңыз (АСО тізімі мына сайтта орналастырылған [www.buyire.ru](http://www.buyire.ru)). Сервистік орталыққа келесі жағдайларда хабарлау керек:
  - Жүйенің ішіне бөгде заттар түсіп кеткен немесе оған сұйықтық төгілгенде;
  - Жүйе жаңбыр астында қалғанда;
  - Аспа құлаған және зақымданған болса;
  - Жүйе дұрыс жұмыс істемейді, оның жұмысында елеулі өзгертулер бар болса;
  - Құрылғыда пайдаланушы қызмет етуі керек бөліктер жоқ болғанда.Аталған пайдалану және сақтау талаптарын сақтамау сізді кепілдік қызметінен айырады. Өндіруші аспапты дұрыс пайдаланбау немесе сақтық пен қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан туындаған ақаулар үшін жауап бермейді.

### **Қуаттау элементтерін пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

Қуаттау элементтерін дұрыс пайдаланбау электролиттің жылыстауына және/немесе жарылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Төмендегі нұсқауларды орындаңыз. Қуаттау элементтерін (+) және (-) полярлыққа қатаң түрде сәйкес күйінде орнатыңыз.

Өртүрлі қуаттау элементтерінің өртүрлі сипаттамалары болады. Өртүрлі қуаттау элементтерін бірге пайдаланбаңыз. Ескі және жаңа қуаттау элементтерін бірге пайдаланбаңыз. Ескі және жаңа қуаттау элементтерін бір мезгілде пайдалану жаңа қуаттау элементінің қолдану мерзімін азайтады немесе еске қуаттау элементі электролитінің жылыстауына әкеп соқтырады. Қуаттау элементтерінің заряды аяқталған кезде оларды бірден алып шығарыңыз. Қуаттау элементтерінен ағып кеткен химикаттар тоттануды тудырады. Егер химикаттардың жылыстау іздері анықталған болса, оларды матамен сүртіп кетіріңіз. Сақтау жағдайларына байланысты ойнатқышпен бірге жеткізілетін қуаттау элементтерінің қолдану мерзімі қысқалау болуы мүмкін. Ұзақ уақыт пайдаланылмаса, ҚБ пультінен қуаттау элементтерін алып шығарыңыз.

## Лазерлік құрылғылар (ҚБП) туралы маңызды ақпарат

---

Қашықтан басқару пульті (ҚБП) 1 кластағы лазерлік құрылғыларға жатады.

**⚠ ЕСКЕРТПЕ:** (аккумулятор бөлігінің ашылуын қоспағанда) корпусы ашпаңыз. Құрылғының құрамында пайдаланушы қызмет көрсететін бөлшектері жоқ; техникалық қызмет көрсетуді тек білікті қызметкер ғана жүргізуі керек. Аккумулятор бөлігін құрылғыны сөндіргеннен және оны электр қуаттау желісінен толықтай ажыратқаннан кейін ғана ашыңыз.

### Қашықтан басқару пульті:

- Қашықтан басқару пультіне AAA 1 түріндегі, 5В батареяларды салыңыз, дұрыс полярлықты (+ және -) сақтаңыз.
- Егер қашықтан басқару пультінің әрекет ету ауқымы азайса, батареяны жаңасына ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару пультінің қадағасына тікелей күн сәулесінің немесе жоғары жиілікті флуоресцентті жарықтың әсері оның жарамсыз жұмыс істеуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Осындай жағдайларда дұрыс жұмыс істемей қалмас үшін жүйені басқа жерге жылжыту керек.

# Техникалық сипаттамалары

---

**Үлгісі:** NITRO X5

**Бағандары:** 2 төмен жиілікті динамик 8", 1 орта жиілікті динамик 3", 1 жоғары жиілікті динамик 3"

**Қуаты (шекті синусоидалық қуат және желілік емес бұрмалаулардың коэффициенті, %):** 80 Вт (ЖЕБК 10%)

**Шыңдық қуаты (PMPO):** 800 Вт Түсі: Қара

**Электрлік қуат көзі:** 100 В - 240 В / 50-60 Гц

**Күштік кабель:** Айнымалы тоқтың күштік кабелі (1,5 м)

**Жиіліктік сипаттамасы:** 20 Гц - 20 кГц (-6 дБ)

**Сигнал/шу арақатынасы:** >80 дБ ± 3 дБ

**Аккумулятор түрі:** Аккумуляторлық қорғасын батареясы (12 В, 7 А)

**Аккумуляторды зарядтау уақыты:** 6 сағат

**Музыканы ойнату уақыты:** 12 сағатқа дейін

**USB форматы:** FAT16, FAT32

**USB файлының форматы:** mp3, wma, wav

**USB реверсивті зарядтау:** 5 В / 1 А

**Bluetooth нұсқасы:** V5.0

**Bluetooth профилі:** A2DP 1.3, AVRCP 1.6

**Bluetooth таратқышының ауқымы:** 2,4 ГГц (2402 МГц~2480 МГц)

## Жинақталым

---

Пайдаланушы нұсқаулығы	1 дана.
Қашықтан басқару пульті	1 дана.
Қуаттау кабелі	1 дана.
FM-антенна	1 дана.

## Сертификаттау

---



Бұл бұйым талап етілетін барлық еуропалық және ресейлік қауіпсіздік және ЭМУ стандарттарына сәйкес келеді.

## Кепілдік міндеттемелер

---

**Пайдалану мерзімі:** 24 ай.

**Кепілдік мерзімі:** 12 ай

(толтырылған кепілдік талоны болған кезде)


**Кінәрат-талаптарды қабылдайтын ұйым:**

«ДРИВИКС» ЖШҚ


115432, Мәскеу қ-сы, Трофимов көш., 14-иел., 1-құр.

Тел. 8 (495) 231-44-34

# Құрылғыға шолу



1-сүр.



2-сүр.



# Басқару панелі (1-сур.)

---

## 1. Келесі трек (FM-станциясы)

- Қысқа мерзімді басу: Келесі дыбыс жолына өту
- Ұзақ басу: Алдына тез айналдыру (FM режимінде FM-станциясын іздеу)

## 2. Алдыңғы трек (FM-станциясы)

- Қысқа мерзімді басу: Алдыңғы дыбыс жолына оралу
- Ұзақ басу: Артқа тез айналдыру (FM режимінде FM-станциясын іздеу)

## 3. Қуаттауды іске қосу/сөндіру

- Қысқа мерзімді басу: Күту режиміне ауысу
- Ұзақ басу: Құрылғыны іске қосу/сөндіру

## 4. Дыбыстың қаттылығы

- Бағанның дыбыс қаттылығын баптау
- Жаңғырықтың/микрофонның дыбыс қаттылығын жаңғырық/микрофон режимінде баптау (егер қосылған болса)

## 5. Эквалайзер

- Қысқа мерзімді басу: Эквалайзер режимін өзгерту
- Ұзақ басу: Ойнату режимін өзгерту (бір дыбыс жолын қайталау немесе барлық дыбыс жолдарын біртіндеп ойнату)

## 6. Ойнату/Кідіріс

- Қысқа мерзімді басу: Ойнату/кідіріс режимі
- Ұзақ басу: Bluetooth, USB, AUX режимдерінде микрофонды басым етіп таңдау

## 7. TWS сымсыз қосылымы

- Қысқа мерзімді басу: TWS сымсыз қосылымын Bluetooth режимінде қосу
- Ұзақ басу: Бүйірлік жыпылықтайтын жарықдиодтарды іске қосу/сөндіру

## 8. Режим

- Қысқа мерзімді басу: LINE-IN режимін, Bluetooth немесе USB режимін таңдау.
- Ұзақ басу: LED-көмескі жарығын іске қосу/сөндіру

## 9. Көмескі жарық

- Қысқа мерзімді басу: Көмескі жарықтың түсін таңдау
- Ұзақ басу: Көмескі жарық режимін таңдау

## 10. NITRO-БАС

- Қысқа мерзімді басу: Күшті нитро-бас таңдау үшін басыңыз
- Ұзақ басу: Жұмыс режимдерін өзгерткен, құрылғыны іске қосқан/сөндірген, қоңырау кірген кезде дыбыс әсерлерін белсендіру және т.б

## 11. Бас/Жаңғырық

- Қысқа мерзімді басу: Бас деңгейін таңдау
- Ұзақ басу: Жаңғырық режимін таңдау

## 12. Жоғары жиіліктер/Микрофон

- Қысқа мерзімді басу: Жоғарғы жиіліктерді іске қосу/сөндіру
- Ұзақ басу: Микрофон режимін таңдау

# Қашықтан басқару пульті (ҚБП) (2-сур.)

---

## 1. Қуаттауды іске қосу/сөндіру

- Қысқа мерзімді басу: Құту режиміне ауысу
- Ұзақ басу: Құрылғыны іске қосу/сөндіру

## 2. TWS сымсыз қосылымы

- Қысқа мерзімді басу: TWS сымсыз қосылымын Bluetooth режимінде қосу
- Ұзақ басу: Бүйірлік жыпылықтайтын жарықдиодтарды іске қосу/сөндіру

## 3. Алдыңғы трек

- Қысқа мерзімді басу: Алдыңғы дыбыс жолына оралу
- Ұзақ басу: Артқа тез айналдыру (FM режимінде FM-станциясын іздеу)

## 4. Бас

- Қысқа мерзімді басу: Бас деңгейін таңдау
- Ұзақ басу: Жаңғырық режимін таңдау

## 5. Эквалайзер

- Қысқа мерзімді басу: Эквалайзер режимін өзгерту
- Ұзақ басу: Ойнату режимін өзгерту (бір дыбыс жолын қайталау немесе барлық дыбыс жолдарын біртіндеп ойнату)

## 6. NITRO-БАС

- Қысқа мерзімді басу: Күшті нитро-бас таңдау үшін басыңыз
- Ұзақ басу: Жұмыс режимдерін өзгерткен, құрылғыны іске қосқан/сөндірген, қоңырау кірген кезде дыбыс әсерлерін белсөндіру және т.б.

## 7. Жүйенің жұмыс режимін таңдау

- Қысқа мерзімді басу: LINE-IN режимін, Bluetooth немесе USB режимін таңдау
- Ұзақ басу: LED- көмескі жарығын іске қосу/сөндіру

## 8. Дыбыс қаттылығын көтеру

- Қысқа мерзімді басу: бағанның дыбыс қаттылығын баптау
- Жаңғырықтың/микрофонның дыбыс қаттылығын жаңғырық/микрофон режимінде баптау (егер қосылған болса)

## 9. Ойнату/Кідіріс

- Қысқа мерзімді басу: Ойнату/кідіріс режимі (FM-станцияларын іздеп, оларды FM- режимінде автоматты түрде сақтау)
- Ұзақ басу: Bluetooth, USB, AUX режимдерінде микрофонды басым етіп таңдау

## 10. Келесі трек

- Қысқа мерзімді басу: Келесі дыбыс жолына өту
- Ұзақ басу: Алдына тез айналдыру (FM режимінде FM-станциясын іздеу)

## 11. Дыбыс қаттылығын азайту

- Қысқа мерзімді басу: Бағанның дыбыс қаттылығын баптау
- Жаңғырықтың/микрофонның дыбыс қаттылығын жаңғырық/микрофон режимінде баптау (егер қосылған болса)

## 12. Жоғары жиіліктер


- Қысқа мерзімді басу: Жоғарғы жиіліктерді іске қосу/сөндіру
- Ұзақ басу: Микрофон режимін таңдау

## 13. LED-көмескі жарығы

- Қысқа мерзімді басу: Көмескі жарықтың түсін таңдау
- Ұзақ басу: Көмескі жарық режимін таңдау

# Құрылғыға шолу

---



3-сурет

## Артқы панель (3-сур.)

---

1. FM антеннасына арналған шығыс
2. USB 1 Кіріс/Шығыс
3. USB 2 Кіріс/Шығыс
4. Аудио шығыс
5. AUX кіріс
6. Гитараға арналған шығыс
7. Зарядтау индикаторы
8. Микрофонға арналған кіріс
9. Қуат кірісі

## Аудио жүйені қуаттау

---

### Электр қуаттау

Жеткізілім жиынтығына кіретін кабельді айнымалы тоқтың қуаттау жалғағышына (9) қосыңыз және кіріктірілген аккумуляторды зарядтаңыз. Аккумулятор толықтай қуатталғанына көз жеткізіңіз. Қуаттауды іске қосу/сөндіру үшін жоғарғы панельдегі (3) немесе қашықтықтан басқару пультіндегі (1) іске қосу/сөндіру батырмасын пайдаланыңыз.

## Негізгі операциялар

---

### Күту режимі

Күту режимі автоматты түрде 15 минут әрекетсіздіктен немесе «Қуаттауды іске қосу/сөндіру» батырмасын қысқаша басып іске қосылады (3 - жоғарғы панелінде, 1 - басқару пультінде). Күту режимінен шыққан кезде құрылғы бұрынғы барлық теңшелімдерін қалпына келтіреді. Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбаған жағдайда оны «Қуаттауды іске қосу/сөндіру» батырмасын ұзақ басу арқылы сөндіру ұсынылады.

### USB жаңғырту

USB-жинақтағышты артқы панельдегі USB портына (2-3) салыңыз, «Режим» батырмасын (8 - жоғарғы панелде, 7 - ҚБП-нде) USB режимін таңдау үшін басыңыз, Bluetooth-бағаны қосылған USB-жинақтағыштан дыбыс жолын ойнатуды бастайды.

### Сыртқы құрылғыны USB порты арқылы зарядтау

Сыртқы құрылғыны зарядтау үшін қуаттау қосылған кезде музыкалық жүйенің (2-3) артқы панеліндегі USB портын (5B айнымалы тоқ, 1A) іске қосу үшін USB- кабелін (жеткізілім жиынтығына кірмейді) пайдаланыңыз. Аудио жүйеге сыртқы құрылғыны іске қосыңыз - зарядтау автоматты түрде басталады.

### Гитараны қосу

Гитараны осы бағанға тура артқы панельдегі 6,5 мм жалғағыш (6) арқылы қосыңыз.

## Bluetooth

- Bluetooth режиміне қол жеткізу үшін «Режим» батырмасын қысқаша басуды пайдаланыңыз (8 - жоғарғы панелінде, 7 - ҚБП-нде). Қосылатын құрылғыдағы баған үлгісін («vipe NITRO X5») таңдаңыз, музыкалық жүйе синхрондалады және сіздің құрылғыңыздан жолдарды ойнатады, ал дисплей экранында «bt» белгісі көрсетіледі - бұл іске қосу табысты түрінде орындалғанын білдіреді.
- Назар аударыңыз: қайталап іске қосқан кезде баған автоматты түрде іске қосылуды орындайды, ойнатуды жаңғырту үшін тек «Ойнату/Кідірісті» басыңыз (6 - жоғарғы панельде, 9 - ҚБП-нде).
- Сигналды тиімді түрінде қабылдауды қамтамасыз ету үшін аудио жүйе мен қосылған құрылғы арасындағы максималды қашықтық 10 метрді құрайды. Егер Bluetooth режимінде музыканы ойнатқан кезде телефонға қоңырау кіретін болса, ойнату тоқтатылады да әңгімелесу кезінде дыбысы шықпайды. Әңгімелесуді аяқтаған кезде құрылғылар қайтадан қосылады да ойнату жалғасады.

## Аккумуляторды зарядтау

Айнымалы тоқтың қуаттау кірісі (9) бар құрылғының жалғағышын Айнымалы тоқтың/розетканың шығысына қосу үшін айнымалы тоқтың қуаттау баусымын (жеткізілім жиынтығына қосылған) пайдаланыңыз. Дисплейде аккумуляторды зарядтау мәртебесі көрсетілуі үшін зарядтау алдында құрылғыны іске қосқан жөн. Зарядтау кезінде дисплей экранында индикаторлы зарядтау жолағы жыпылықтайды; батареяны зарядтау индикаторының үш жолағы жыпылықтауды тоқтатып, тұтас болса, бұл аккумулятор толықтай зарядталғанын білдіреді.

### Зарядтау мәртебесі:

- Аккумулятордың 3 зарядтау желісі жанып тұрады = шамамен 100% заряды
- Аккумулятордың 2 зарядтау желісі жанып тұрады = шамамен 66,7% заряды
- Аккумулятордың 1 зарядтау желісі жанып тұрады = шамамен 33,3% заряды (зарядтау қажеттілігін білдіреді)

## Микрофоннан ойнату

- Бір микрофонды артқы панельдегі микрофон жалғағышына (8) салыңыз және микрофонның дыбыс қаттылығының деңгейіне ауыстырып көріңіз, жоғарғы панельдегі реттеудің бұрма тұтқасын (4) немесе қашықтан басқару пультіндегі «Дыбыс қаттылығын азайту» батырмасын (11) пайдаланыңыз.
- Микрофонның дыбыс қаттылығын қалаған деңгейіне дейін ауыстырып көріңіз, жоғарғы панельдегі реттеудің бұрма тұтқасын (4) немесе қашықтан басқару пультіндегі «Дыбыс қаттылығын ұлғайту» батырмасын (8) пайдаланыңыз. Караоке пайдалануға дайын.

## TWS сымсыз қосылымы

Осы TWS сымсыз Bluetooth-қосылымы (нағыз сымсыз стерео) екі бірдей баған арасында ғана пайдаланылады. Екі бағанды іске қосыңыз және Bluetooth режимін таңдаңыз.

- Бір бағанды таңдаңыз және басты бағанды баптау үшін «TWS сымсыз қосылымы» батырмасын (7 - жоғарғы панельде, 2 - ҚБП-нде) басыңыз. Екінші баған бағыныңқы ретінде автоматты түрде конфигурацияланады. Енді музыканы ойнату үшін Bluetooth/AUX/USB/FM-ге ауысыңыз және нағыз сымсыз стерео режиміне рақаттаныңыз.
- Өзіңіздің Bluetooth құрылғыңызды іске қосыңыз және ол іздеу режимінде болғанына көз жеткізіңіз.
- Осы ("vipe NITRO X5") үлгінің атауын анықтаған құрылғылар тізімінен таңдаңыз және оған қосылыңыз.
- Басты баған TWS сымсыз қосылымы кезінде сол жақ арна рөлін атқарады да Bluetooth-сигналын қабылдайтын болады, ал екінші баған музыканы ойнатуға арналған оң жақ арна рөлін орындайтын болады.



**ЕСКЕРТПЕ:** қосылымды алғаш рет орнату үшін бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.

**⚠ ЕСКЕРТПЕ:** Аудио жүйелер өзара бірге автоматты түрде қосылады. Байланыс орнаған соң дыбыс екі жүйеге бір мезгілде беріле бастайды.

### **AUX (желілік кіріс)**

- Жүйе динамиктерінің көмегімен тыңдау үшін аудио жүйенің «AUX in» кірісіне (5) дыбыстың сыртқы көзін (компьютер, мобильді телефон, DVD-ойнатқышы, MP3-плеер және т.б..) қосуға болады. Ол үшін 3,5 мм кабельмен AUX in жалғағышын (5) және қосылатын құрылғының аудиошығысын қосыңыз.
- Сыртқы көздің дыбыс қаттылығын реттеңіз (дыбыстың бұрмалануын болдырмау үшін дыбыс қаттылығын өте жоғары деңгейде орнатпаңыз). Ойнатуды басқару үшін дыбыстың сыртқы көзін басқару батырмасын басыңыз.

### **Құрылғылардың тізбегін жасау**

Егер күшті дыбысымен және жарқын көмескі жарығымен дискотека жасағыңыз келсе, Сіз бірнеше аудио жүйені бір тізбекке қоса аласыз. Ол үшін аудио жүйелерді JACK 3,5 мм - 3,5 мм кабельмен (жеткізілім жиынтығына кірмейді) біртіндеп қосыңыз: бір аудио жүйенің AUDIO OUT (4) аудио шығысының жалғағыштарын екіншінің AUX IN (5) аудио шығысымен және одан әрі жалғаңыз. Аудио жүйелердің тізбегі LINE-IN режимінде жұмыс істейді.

### **Көмескі жарықты реттеу**

Аудио жүйенің көмескі жарығын іске қосу немесе сөндіру үшін басқару панеліндегі (9) немесе ҚБ пультінде (13) LIGHT батырмасын басыңыз. LIGHT батырмасын қысқаша басу көмескі жарықтың түсін өзгертеді. Барлығы жеті түс бар. Көмескі жарықтың үш режимінен (толық шеңбер, жартылай шеңбер, дыбысқа реакция) біреуін таңдау үшін LIGHT батырмасын ұзақ басу.

## Ақау іздеу және оны жою

МӘСЕЛЕ	СЕБЕП	ШЕШІМ
Қуат қосылған кезде дыбыс жоқ	<ul style="list-style-type: none"><li>- Дыбыстың кіріс сигналы жоқ</li><li>- Дыбыс қаттылығын басқару тұтқасы минималды күйінде</li><li>- Дыбыстық ауыстырып-қосқыш сөндірілген</li><li>- USB/SD салынбаған</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Кіріс желісінде сигнал бар</li><li>- Дыбыс қаттылығын реттеңіз</li><li>- Дыбыстық ауыстырып-қосқышты іске қосыңыз</li><li>- USB/SD-тасығышты салыңыз</li></ul>
Дыбыстың бұрмалануы	<ul style="list-style-type: none"><li>- Дыбыс қаттылығы өте жоғары</li><li>- Аудиофайлдың қатесі</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Дыбысты азайтыңыз</li><li>- Аудиофайлды тексеріңіз және өзгертіңіз</li></ul>
Микрофонның дыбысы жоқ	<ul style="list-style-type: none"><li>- Микрофонның жалғағышы толықтай салынбаған</li><li>- Микрофондағы ауыстырып-қосқыш сөндірілген</li><li>- Микрофонның дыбыс қаттылығы минимумда</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Микрофонның ауыстырып-қосқышын толықтай салыңыз</li><li>- Микрофонды іске қосыңыз</li><li>- Микрофонның дыбыс қаттылығын реттеңіз</li></ul>
USB/SD-тасығышынан ойнатқан кезде дыбыс жоқ	<ul style="list-style-type: none"><li>- Жол форматының қатесі</li><li>- Жол беруге болмайтын операция жұмыс істеуін бұзады</li><li>- USB/SD-тасығыш дұрыс салынбаған</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Жолдардың форматы MP3/WMA сәйкес келуі керек</li><li>- Қуатты ажыратыңыз, кейін қайтадан қосыңыз</li><li>- USB/SD-тасығышты тиісті түрінде салыңыз</li></ul>
FM-радио мәселелері	<ul style="list-style-type: none"><li>- Радиоарналарды іздеу орындалмайды</li><li>- FM-радионың дыбысы жоқ</li><li>- FM-арналары жеткіліксіз</li><li>- Радионың дыбысы анық емес</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- FM-антенна жылжытылмаған</li><li>- Келесі арнаға ауысыңыз да қайтадан қосылып байқаңыз</li><li>- Антеннаны басқа бұрышпен қойып байқаңыз Автоматты сканерлеу режимін байқаңыз</li></ul>

ПРОБЛЕМА	ПРИЧИНА	РЕШЕНИЕ
Микрофондағы зор кедергілер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Микрофон бағанға өте жақын орналасқан</li> <li>- Микрофон іске қосылған, бірақ жұмыс істемейді</li> <li>- Микрофонның дыбыс қаттылығы өте жоғары</li> <li>- Микрофондағы кедергілерді тудыратын жабдық өте жақын орналасқан</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Микрофонның басын бағанға жақындатпаңыз</li> <li>- Егер ол пайдаланылмаса, микрофонды ажыратыңыз.</li> <li>- Микрофонның дыбыс қаттылығын азайтыңыз</li> <li>- Бағанды кедергі көздерінің жанында орнатпаңыз</li> </ul>
Сымсыз Bluetooth-қосылымының іркілісі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сымсыз Bluetooth-қосылымы тоқтатылған</li> <li>- Сымсыз Bluetooth-қосылымы іске қосылған, бірақ дыбысы жоқ</li> <li>- Bluetooth-қосылымының тиімді қашықтығы өте аз</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қажетті құрылғыны атауын табыңыз немесе өдепкі түрдегі зауыттың теңшелімдерін түсіру үшін «МӨЗІР» батырмасын ұзақ басып пайдаланыңыз</li> <li>- Сіз құрылғының дұрыс атауына қосылғаныңызға көз жеткізіңіз</li> <li>- Қабырғалар, терезелер және т.б. секілді қоршаулардан алыстауға тырысыңыз.</li> </ul>



#### Кепілдік шарттары:

1. Клиент толықтай толтырылған кепілдік талонды көрсеткен жағдайда жабдыққа кепілдікті жөндеу жүргізіледі.
2. Өзге қосымша жазбаша келісімдерде келісілмеген жағдайда, клиент өз бетінше және өз есебінен кепілдікті жөндеуге жататын жабдықты сервистік қызметке жеткізеді.
3. Пайдалану барысында шығын материалдарды деп есептелетін материалдар мен бөлшектерге кепілдік міндеттемелер қолданылмайды.

#### Кепілді міндеттемелерді тоқтату шарттары:

Келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер тоқтатылуы мүмкін:

1. Кепілдік қызмет көрсетуге ұсынылған жабдықтың сериялық нөмірінің кепілдік талонында және/немесе басқа жазбаша келісімдерде көрсетілген сериялық нөмірге сәйкес келмеуі.
2. Тасымалдау, сақтау немесе пайдалану ережелерін бұзудан туындаған жабдықтың айқын немесе жасырын механикалық зақымдануының болуы.
3. Жөндеу барысында анықталған осы жабдық түріне қойылатын Пайдалану ережелері мен шарттарына сәйкессіздіктер.
4. Бақылау заттаңбалары мен пломбалардың зақымдануы (бар болған жағдайда).
5. Жабдық корпусының ішінде, шығу тегіне қарамастан болу ықтималдылығы техникалық құжаттамада және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда айтылмаған бөгде заттардың болуы.
6. Жабдықтың еңсерілмейтін күш факторларының әсерінен және/немесе үшінші тұлғалардың әрекеттерінің нәтижесінде істен шығуы.
7. Техникалық құжаттамада немесе басқа да жазбаша келісімдерде білікті қызметкердің жабдықты орнатуға және іске қосуға қатысуы тікелей айтылған жағдайларда, сертификатталмаған қызметкердің жабдықты орнатуы және іске қосуы.



Жүргізілген жөндеу туралы деректер

Үлгісі \_\_\_\_\_  
Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_  
Сатып алынған күні \_\_\_\_\_  
Сатып алушы \_\_\_\_\_  
Мекенжайы \_\_\_\_\_  
Телефон \_\_\_\_\_  
Жөндеу күні/ СОҚ \_\_\_\_\_  
Сатушы мөріне  
арналған орын \_\_\_\_\_

Жүргізілген жөндеу туралы деректер

Үлгісі \_\_\_\_\_  
Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_  
Сатып алынған күні \_\_\_\_\_  
Сатып алушы \_\_\_\_\_  
Мекенжайы \_\_\_\_\_  
Телефон \_\_\_\_\_  
Жөндеу күні/ СОҚ \_\_\_\_\_  
Сатушы мөріне  
арналған орын \_\_\_\_\_

Жүргізілген жөндеу туралы деректер

Үлгісі \_\_\_\_\_  
Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_  
Сатып алынған күні \_\_\_\_\_  
Сатып алушы \_\_\_\_\_  
Мекенжайы \_\_\_\_\_  
Телефон \_\_\_\_\_  
Жөндеу күні/ СОҚ \_\_\_\_\_  
Сатушы мөріне  
арналған орын \_\_\_\_\_

№ кепілдік талоны \_\_\_\_\_

**vipe**

Сатушы \_\_\_\_\_

Сатып алушы \_\_\_\_\_

Жабдықтың атауы \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі (стикерде көрсетілген) \_\_\_\_\_

Саны \_\_\_\_\_

Кепілдікті қолдау көрсету мерзімі **12 ай**

**Кепілдік шарттарымен келісемін:**

**Сатылған күні**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**М.О.**

**vipe**



**byvipe.com**

Қытайда жасалған